**"Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 973 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қарашада № 17727 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1 ."Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 5702 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышында:

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтер" деген бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"

| Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтер | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | 1) табиғи кешендерді сақтау және дамытуға;<br>2) өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауға;<br>3) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді және өзге мақсаттарда ағаш кесуді қоса алғанда, ормандарды қалпына келтіру және қорғану іс-шараларын жүргізуге;<br>4) аумақтарды тазартуға және | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| РБ<br>РБ | 10<br>10 | 3<br>5 | 212<br>694 | 256<br>007 | 100<br>100 | | 1) Жеке және заңды тұлғалар табиғи кешендері туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануы кезінде оларға ақылы қызметтер көрсету, оның ішінде: 1) туристік соқпақтар, тамашалау алаңдарын, демалу алаңқайларын, көлік тұрақтарын, кемпингтер, шатырлы лагерлер немесе оларды орналастыратын орындар; қонақ үйлер, мотелдер, туристік базалар, қоғамдық тамақтандыру, сауда және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқаруындағы басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер немесе оларды орналастыратын орындар беру; ерекше қорғалатын табиғи аумақта құбырлар, электр қуатын беру және байланыс желілерін, жолдарды (ортақ пайдаланылатын жолдардан басқа) орналастыру жөнінде қызметтер көрсету; туристік | абаттандыруға;<br>5) табиғи-қорық қоры объектілерін қорғау мен туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызметпен байланысты инфрақұрылымды дамытуға;<br>6) табиғат қорғау қызметін қамтамасыз ету үшін штаттан тыс маусымдық жұмыскерлердің, оның ішінде өрт күзетушілерінің, аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді және өзге мақсаттарда ағаш кесуді, орман дақылы жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі жұмыскерлердің, сондай-ақ шектеулі шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жұмыскерлердің жұмыстарына (көрсетілетін қызметтеріне) ақы төлеуге;<br>7) табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарынан пайда болған өтімді қоқысты (жел мен дауыл құлатқан ағаштарды) жинаумен байланысты жұмысты (көрсетілетін қызметті) жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жұмысы (қызметі) құнының ақысын төлеуге; | "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы-ның 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 38-бабы, " Орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 22 бұйрығы (Қазақстан Республикасы-ның Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖБ<br>ЖБ<br>ЖБ | 10<br>10<br>10 | 5<br>5<br>5 | 254<br>354<br>700 | 010<br>006<br>011 | 000<br>000<br>000 | 014 | құрал-жабдықтар беру; 2) әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу; 3) мемлекеттік табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерінде, табиғат мұражайларында және жанды табиғат мүйістерінде болу және оларды зерделеу кезінде жолсеріктер, экскурсия ұйымдастырушылар, жол нұсқаушылар мен аудармашылар қызметтерін көрсету, кино, бейне және фото таспаларына түсіру; 4) пайдалануға берілген аумақтар мен объектілерді санитарлық тазарту және аббаттандыру жөнінде, сондай-ақ өзге ұйымдардың аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізу жөнінде қызметтер; 5) қоғамдық тамақтандыру объектілері үшін өнім өндіру жөнінде қызметтер; 6) көлік қызметтерін көрсету бойынша. | 8) байланыс құралдарын, көлік және жабдықтар, өртке қарсы күрес, орман қорғау және орман дақылдары мақсатындағы тетіктер мен материалдар, орман дақылдары жұмысы үшін тұқым және отырғызу материалдарын, жанар-жағармай материалдарын, киім-кешек, қару және арнайы қорғаныш құралдарын сатып алуға; 9) табиғат қорғау қызметі мен байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салуға, реконструкциялауға және жөндеуге; 10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін мамандар даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға; 11) табиғат қорғау мекемелерінің жұмыскерлерін еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеуге; 12) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге; 13) табиғат музейлер мен көрмелерді ұйымдастыруға және оларды күтіп ұстауға; 14) рекреациялық аймақтарды дамытуға және | наурызда № 13378 болып тіркелді). |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | абаттандыруға;<br>15) жарнамалық қызметті жетілдіруге;<br>16) экологиялық насихатауға;<br>17) теріс экологиялық зардаптардың алдын алуға және жоюға. (112, 113, 121, 122, 123, 124, 131, 135, 136, 141, 142, 143, 144, 149, 151, 152, 153, 154, 156, 159, 161, 165, 169, 413, 414, 416, 417, 419, 421, 431). | |
| РБ<br>РБ<br>ЖБ | 10<br>10<br>10 | 3<br>5<br>5 | 212<br>694<br>254 | 256<br>007<br>010 | 100<br>100<br>000 | 015 | Шектеулі шаруашылық қызметінен, оның ішінде:<br>1) кәдесый өнімдерін өндіруден;<br>2) аралық мақсатта пайдалану және басқа да мақсаттарда кесілген ағаштан жасалған тауарларды, олардан алынған сүректі өңдеу өнімдерін өткізуден;<br>3) жанама орман пайдаланудың өнімдерін өткізуден (шектеулі мал жаю, марал шаруашылығы, шөп шабу, саңырауқұлақтарды, жемістер мен жидектерді әуесқойлық жинаудан);<br>4) ормандарды молайту және елді мекендерді көгалдандыру үшін көшет материалын өсіруден түсетін | | Сол сияқты |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖБ<br>ЖБ | 10<br>10 | 5<br>5 | 354<br>700 | 006<br>011 | 000<br>000 | | табыстар;<br>5) шектеулі шаруашылық қызмет тауарларын өткізуден, балықты және балық өнімін өткізуден, орман дақылдарын, қорғаныштық және көгалдандыру екпелерін отырғызудан түсетін табыстар;<br>6) балық шабақтарын өсіруден;<br>7) жеке және заңды тұлғалармен туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда жасалатын бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша өнім өндіруден және қызмет көрсетуден;<br>8) орман тұқымдарын жинаудан (қайта өңдеуден) алынған табыстар; | Сол сияқты | |
| РБ<br>РБ | 10<br>10 | 5<br>3 | 694<br>212 | 007<br>256 | 100<br>100 | 016<br>016 | Рәміздерді (эмблема мен туды) пайдаланғаны үшін төленетін ақы | Сол сияқты | Сол сияқты |
| РБ<br>РБ | 10<br>10 | 5<br>3 | 694<br>212 | 007<br>256 | 100<br>100 | 017<br>017 | Баспа, кәдесый және басқа да көбейтілген өнім өндіруден алынған табыстар | Сол сияқты | Сол сияқты |
| РБ<br>РБ | 10<br>10 | 5<br>3 | 694<br>212 | 007<br>256 | 100<br>100 | 018<br>018 | Жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымалдықтары | Сол сияқты | Сол сияқты |
| РБ | 10 | 3 | 212 | 256 | 100 | 018-1 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға және мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілеріне залал келтірген | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жеке және заңды тұлғалардан түсетін түсімдер | Сол сияқты | |

".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі* *Ә. Смайылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК